



Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты

# ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)

ISSN 1814-6961  
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)



ISSN: 1814-6961 (print)  
ISSN: 2788-9718 (online)

**Отан тарихы**  
**Отечественная история**  
**History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал  
2025. № 28 (4)

## РЕДАКЦИЯ

**Бас редактор**

*Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы* – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

**Редакциялық алқа**

*Әбіл Еркін Аманжолұлы* – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

*Абдырахманов Толобек Әбілұлы* – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (Қырғыз Республикасы, Бішкек)

*Апендиев Тимур Әкімханұлы* – PhD докторы, доцент, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

*Горшенина Светлана Михайловна* – PhD, тарих ғылымдарының кандидаты; CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Sorbonne университетінің зерттеу бөлімінің директоры (Франция, Париж)

*Исмағұлов Оразақ Исмағұлұлы* – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің физикалық антропология зертханасының меңгерушісі (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

*Шиндзю Като* – PhD (археология бойынша), Нарадағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара)

*Бирсель Каракоч* – Уппсала университетінің түркі тілдерінің профессоры (Швеция, Уппсала қ.)

*Мионг Сун-ок* – антропология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (Корея, Сеул)

*Қозыбаева Махаббат Маликовна* – PhD доктор; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

*Моррисон Александр* – PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Ұлыбритания, Оксфорд)

*Мотузаите-Матузевичюте Гидре* – археология ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс университетінің «Биоархеология» ғылыми орталығының жетекшісі (Литва, Вильнюс)

*Муминов Әшірбек Құрбанұлы* – тарих ғылымдарының докторы, арабтанушы, профессор; ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Түркия, Стамбул)

*Нұрсан Әлімбаев* – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

*Отеева Гүлфира Елубайқызы* – тарих ғылымдарының докторы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.)

*Оутрам Алан* – археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер)

*Романова Екатерина Назаровна* – Солтүстіктің байырғы халықтарының мәселелері және гуманитарлық зерттеулер институтының этнологиялық зерттеулер орталығының жетекшісі (АН СР(Ы) ХР) (Ресей Федерациясы, Якутск қ.)

*Рюосуке Оно* – Васеда университетінің тереңдетілген гуманитарлық зерттеулер орталығының доценті (Жапония, Токио)

*Сәбитов Жақсылық Мұратұлы* – Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, PhD доктор (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

*Томохико Уяма* – PhD докторы, Хоккайдо университетінің славян және еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония, Саппоро)

*Финке Питер* – PhD докторы, Цюрих университетінің Макс Планк институтының профессоры (Швейцария, Цюрих)

*Шотанова Ғалия Айтжанқызы* – тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

**Жауапты редактор**

*Абдулина Ақсұңқар Тұрсынқызы*

**Жауапты хатшы және редактор**

*Мырзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы*

**Редакторлар**

*Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы*  
*Черниенко Денис Аркадьевич*  
*Досымбетов Нұрлыбек Айдарбекұлы*  
*Көбеев Рүстем Джаулыбайұлы*

**Техникалық көмек**

*Зікірбаева Венера Серікқызы*  
*Копеева Сания Жуматайқызы*

## РЕДАКЦИЯ

**Главный редактор**

*Кабульдинов Зиябек Ермуханович* – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

**Члены редакционной коллегии**

*Абиль Еркин Аманжолович* – доктор исторических наук, профессор (Республика Казахстан, г. Астана)

*Абдырахманов Толобек Абилович* – доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР (Кыргызская Республика, г. Бишкек)

*Апендиев Тимур Акимханович* – PhD, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

*Горшенина Светлана Михайловна* – доктор PhD, кандидат исторических наук; директор по исследованиям CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Университет Сорбонны (Франция, г. Париж)

*Исмагулов Оразак Исмагулович* – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана)

*Като Синдзи (Shinji Kato)* – PhD (в области археологии), Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара)

*Бирсель Каракоч*, профессор тюркских языков, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

*Мионг Сун-ок* – доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, г. Сеул)

*Козыбаева Махаббат Маликовна* – доктор PhD; ведущий научный сотрудник Института культуры и духовного развития «Алаш» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана)

*Моррисон Александр* – PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд)

*Мотузаите-Матузевичюте Гидре* – доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, (Литва, г. Вильнюс)

*Муминов Аширбек Курбанович* – доктор исторических наук, арабист, профессор; консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул)

*Нурсан Алимбай* – кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

*Отеева Гульфира Елубаевна* – доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А.Х. Маргулана (Республика Казахстан, г. Павлодар)

*Оутрам Алан* – доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер)

*Романова Екатерина Назаровна*, руководитель Центра этнологических исследований Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера (ИГИ АН РС(Я)) (Российская Федерация, г. Якутск)

*Рюосуке Оно* – доцент, Центр перспективных гуманитарных исследований, Университет Васеда (Япония, г. Токио)

*Сабитов Жаксылык Муратович* – директор Научного института изучения Улуса Джучи, доктор PhD (Республика Казахстан, г. Астана)

*Томохико Уяма* – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований университета Хоккайдо (Япония, г. Саппоро)

*Финке Петер*, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, г. Цюрих)

*Шотанова Галия Айтжановна* – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

**Ответственный редактор**

*Абдулина Аксункар Турсуновна*

**Ответственный секретарь и редактор**

*Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич*

**Научные редакторы:**

*Касымова Дидар Бейсенгалиевна*  
*Черниенко Денис Аркадьевич*  
*Досымбетов Нурлыбек Айдарбекович*  
*Кубеев Рустем Джаулыбайулы*

**Техническое сопровождение**

*Зикирбаева Венера Сериковна*  
*Копеева Саня Жуматаевна*

**EDITORIAL TEAM****Editor-in-Chief**

*Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich* – Doctor of Historical Sciences Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, general Director of Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

**Editorial board members**

*Abil Erkin Amanzholovich* – Doctor of Historical Sciences, Professor (Republic of Kazakhstan, Astana)

*Abdyrakhmanov Tolobek Abilovich* – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic (Kyrgyz Republic, Bishkek)

*Apendiev Timur Akimkhanovich* – PhD, associate professor, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

*Gorshenina Svetlana Mikhailovna* – PhD, Candidate of Historical Sciences; Research Director of CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Sorbonne University (France, Paris)

*Ismagulov Orazak Ismagulovich* – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Laboratory of Physical Anthropology of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana)

*Shinji Kato* – PhD (Archaeology), Nara National Research Institute for Cultural Properties (Japan, Nara)

*Birsel Karakoch* – Professor of Turkic Languages, Uppsala University (Sweden, Uppsala)

*Myong Soon-ok* – PhD (Anthropology), Associate Professor (Seoul, Korea)

*Kozybaeva Makhabbat Malikovna* – PhD; Leading Researcher, Institute of Culture and Spiritual Development «Alash» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Republic of Kazakhstan, Astana)

*Morrison Alexander* – PhD, Professor, New College, Oxford (United Kingdom, Oxford)

*Motuzaitė-Matuzevichute Gidrė* – Doctor of Archaeology, Professor, Head of the Scientific Center «Bioarchaeology» of Vilnius University, (Lithuania, Vilnius)

*Muminov Ashirbek Kurbanovich* – Doctor of Historical Sciences, Arabist, Professor; Consultant to the Director General for Organizational Activities of the OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul)

*Nursan Alimbay* – Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

*Otepova Gulmira Elubayevna* – Doctor of Historical Sciences, Professor at the A. Margulan Pavlodar Pedagogical University (Republic of Kazakhstan, Pavlodar)

*Outram Alan* – Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter)

*Romanova Ekaterina Nazarovna* – Head of the Center for Ethnological Research, Institute for Humanitarian Research and Problems of Indigenous Peoples of the North (IHR RAS (Yakutia)) (Russian Federation, Yakutsk)

*Ryuosuke Ono* – Associate Professor, Center for Advanced Humanitarian Studies, Waseda University (Japan, Tokyo)

*Sabitov Zhaksylyk Muratovich* – Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, PhD (Republic of Kazakhstan, Astana)

*Tomohiko Uyama* – PhD, Professor, Center for Slavic-Eurasian Studies, Hokkaido University (Japan, Sapporo)

*Finke Peter* – PhD, Professor, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland, Zurich)

*Shotanova Galiya Aitghanovna* – Candidate of historical sciences, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

**Editor-in-Chief**

*Abdulina Aksunkar Tursunovna*

**Responsible Secretary and Editor**

*Murzakhodjaev Kuanysh Madievich*

**Scientific Editors:**

*Kasymova Didar Beysengalieвна*

*Chernienko Denis Arkadyevich*

*Dosymbetov Nurlybek Aidarbekovich*

*Kubeev Rustem Dzhaubayuly*

**Technical support**

*Zikirbaeva Venera Serikovna*

*Kopeeva Saniya Zhumataevna*



Published in the Kazakhstan  
Otan tarihy  
Has been issued as a journal  
since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 28. Is. 4. Pp. 1304–1318,  
2025  
Journal homepage:  
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.61.91  
[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2025\\_28\\_4\\_1304-1318](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_4_1304-1318)

## ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ КИІМІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: МӘДЕНИ ЖАД ПЕН ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ТҮЙІСІНДЕ

Умит Алиякпаровна Ашимова<sup>1</sup>, Бибизия Кенжебековна Қалшабаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
(71-үй, әл-Фараби даңғылы, 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты  
<https://orcid.org/0009-0003-4088-1543>. e-mail: [umit\\_aliyakparovna@mail.ru](mailto:umit_aliyakparovna@mail.ru)

<sup>2</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
(71-үй, әл-Фараби даңғылы, 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
тарих ғылымдарының докторы, доцент  
<https://orcid.org/0000-0002-7391-8264>. e-mail: [kalshabaeva\\_b@mail.ru](mailto:kalshabaeva_b@mail.ru)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025  
© Ашимова У.А., Қалшабаева Б.К., 2025

**Аңдатпа.** *Kipicne.* Мақалада XIX–XX ғасырдың басындағы қазақ әйелдерінің дәстүрлі киімдеріне енген өзгерістер мен киімнің өзгеріске түсу себептері мәдени жад пен ұлттық бірегейлік түйісінде қарастырылған. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеу жұмысының мақсаты дәстүрлі киім үлгілерінде орын алған трансформациялық үрдістерді талдау арқылы ұлттық мәдени мұраны сақтау мәселесін қарастыру, сондай-ақ киімдердің мәдени жад, этникалық бірегейлікті қалыптастыру және тарихи сананы тәрбиелеудегі маңызын айқындауды мақсат тұтады. Мақалада қойылған міндеттер – киімді тек утилитарлық немесе сәндік мақсаттағы бұйым ретінде емес, ұжымдық мәдени жадтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде зерделеу, мәдени жад теориясына сүйене отырып, киімнің мемориалдық қызметі мен оның мәдени мұра ретіндегі рөлін саралау, сонымен қатар жаһандану заманындағы дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімі, ұлттық киімнің қазіргі қоғамда жаңа мәнге ие болып, күнделікті өмірде этникалық бірегейлікті білдіру құралына айналуын көрсету. *Нәтижелер.* Мақаланы жазу барысында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы кейбір дәстүрлі киімнің түрлері зерттеу нысаны ретінде қолданылып, архивтік материалдар, теориялық зерттеулер мен отандық зерттеушілердің тақырыпқа қатысты ғылыми көзқарастары сараланды. Пәнаралық зерттеулер (мәдениеттану, тарих, сәне және дизайн, антропология) негізінде әйел киімінің эволюциясы, мәдени динамикасы қарастырылды. *Қорытынды.* Дәстүрлі киімдегі өзгерістерді зерттеу XIX–XX ғасырларда материалдық мәдениетте орын алған өзгерістерді терең түсінуге жол ашады және дәстүрлі киімде орын алған трансформациялық үрдістерді айқындауға мүмкіндік береді. **Түйін сөздер:** дәстүрлі киім, трансформация, этникалық бірегейлік, мәдени жад, мемориалдық киім, музей, коллекция.

**Дәйексөз үшін:** Ашимова У.А., Калшабаева Б.К. Қазақ әйелдерінің дәстүрлі киіміндегі трансформациялық үрдістер: мәдени жад пен ұлттық идентификация түйісінде // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. 1304–1318-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2025\_28\_4\_1304-1318

## ТРАНСФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТРАДИЦИОННОЙ ОДЕЖДЕ КАЗАХСКИХ ЖЕНЩИН В КОНТЕКСТЕ КУЛЬТУРНОЙ ПАМЯТИ И НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ

Умит Алиякпаровна Ашимова<sup>1</sup>, Бибизия Кенжебековна Калшабаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
(д. 71, проспект аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)  
Докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби  
<https://orcid.org/0009-0003-4088-1543>. e-mail: [umit\\_aliyakparovna@mail.ru](mailto:umit_aliyakparovna@mail.ru)

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
(д. 71, проспект аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)  
доктор исторических наук, доцент  
<https://orcid.org/0000-0002-7391-8264>. e-mail: [kalshabaeva\\_b@mail.ru](mailto:kalshabaeva_b@mail.ru)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Ашимова У.А., Калшабаева Б.К., 2025

**Аннотация.** *Введение.* В данной статье рассматриваются особенности трансформации традиционной одежды казахских женщин в конце XIX – начале XX века сквозь призму культурной памяти и этнической идентичности. Автор акцентирует внимание на том, что одежда выступает не только как предмет быта или декоративно-прикладного искусства, но и как важный компонент коллективной памяти, отражающий исторические, социокультурные и символические смыслы. *Цель и задачи.* Целью данного исследования является рассмотрение вопросов сохранения национального культурного наследия посредством анализа трансформационных процессов, происходивших в образцах традиционной одежды. Наряду с этим, исследование направлено на определение значимости традиционной одежды в формировании культурной памяти, этнической идентичности и воспитании исторического сознания. В рамках статьи поставлены следующие задачи: рассмотреть одежду не только как утилитарный или декоративный предмет, но и как важную составляющую коллективной культурной памяти; проанализировать мемориальную функцию одежды и его роль как элемента культурного наследия, опираясь на теорию культурной памяти; а также показать, как в условиях глобализации происходит сочетание традиции и инноваций, и каким образом национальная одежда приобретает новое значение в современном обществе, становясь средством выражения этнической идентичности в повседневной жизни. *Результаты.* При написании статьи в качестве объектов исследования были использованы отдельные виды традиционной женской одежды из фондов Центрального государственного музея Республики Казахстан. Были проанализированы архивные материалы, теоретические исследования и научные взгляды отечественных учёных по данной теме. На основе междисциплинарных исследований (в области культурологии, истории, моды и дизайна, антропологии) рассмотрены эволюция женской одежды и культурная динамика. *Заключение.* Изучение изменений в традиционной одежде открывает возможность более глубокого понимания трансформаций, происходивших в материальной культуре в XIX–XX веках, а также позволяет выявить трансформационные процессы, отражённые в традиционной одежде казахов.

**Ключевые слова:** традиционная одежда, трансформация, этническая идентичность, культурная память, мемориальная одежда, музей, коллекция.

**Для цитирования:** Ашимова У.А., Калшабаева Б.К. Трансформация традиционной одежды казахских женщин в контексте культурной памяти и национальной идентичности // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. С. 1304–1318. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2025\_28\_4\_1304-1318

## TRANSFORMATIONAL PROCESSES IN THE TRADITIONAL CLOTHING OF KAZAKH WOMEN IN THE CONTEXT OF CULTURAL MEMORY AND NATIONAL IDENTITY

Umit Aliyakparovna Ashimova<sup>1</sup>, Bibiziya Kenzhebekovna Kalshabaeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University  
(71 Al-Farabi Avenue, 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
Doctoral Student at Al-Farabi Kazakh National University  
<https://orcid.org/0009-0003-4088-1543>. e-mail: [umit\\_aliyakparovna@mail.ru](mailto:umit_aliyakparovna@mail.ru)

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University  
(71 Al-Farabi Avenue, 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
Doctor of Historical Sciences, Associate Professor  
<https://orcid.org/0000-0002-7391-8264>. e-mail: [kalshabaeva\\_b@mail.ru](mailto:kalshabaeva_b@mail.ru)

© Valichanov IHE, 2025

© Ashimova U.A., Kalshabaeva B.K., 2025

**Abstract.** *Introduction.* This article examines the transformation of traditional Kazakh women's clothing in the late 19th and early 20th centuries through the prism of cultural memory and ethnic identity. The author emphasises that clothing is not only an everyday item or decorative and applied art, but also an important component of collective memory, reflecting historical, socio-cultural and symbolic meanings. *Research objectives and tasks.* The purpose of this study is to examine issues of preserving national cultural heritage by analysing the transformation processes that took place in traditional clothing. Along with this, the study aims to determine the significance of traditional clothing in the formation of cultural memory, ethnic identity and the cultivation of historical consciousness. The article sets the following objectives: to consider clothing not only as a utilitarian or decorative item, but also as an important component of collective cultural memory; to analyse the memorial function of clothing and its role as an element of cultural heritage, based on the theory of cultural memory; and to show how, in the context of globalisation, tradition and innovation are combined, and how national clothing acquires new meaning in modern society, becoming a means of expressing ethnic identity in everyday life. *Results.* When writing this article, certain types of traditional women's clothing from the collections of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan were used as research objects. Archival materials, theoretical studies and scientific views of domestic scholars on this topic were analysed. Based on interdisciplinary research (in the fields of cultural studies, history, fashion and design, anthropology), the evolution of women's clothing and cultural dynamics were examined. *Conclusion.* The study of changes in traditional clothing provides an opportunity for a deeper understanding of the transformations that took place in material culture in the 19th–20th centuries, as well as revealing the transformational processes reflected in traditional Kazakh clothing.

**Keywords:** traditional clothing, transformation, ethnic identity, cultural memory, memorial clothing, museum, collection.

**For citation:** Ashimova U.A., Kalshabaeva B.K. Transformational processes in the traditional clothing of kazakh women in the context of cultural memory and national identity // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 4. Pp. 1304–1318. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2025\_28\_4\_1304-1318

**Кіріспе.** Қазіргі кезеңде қазақ әйелдерінің дәстүрлі киімдерінің түрлері мен пішімдері қайта жаңғырып, бірқатар күрделі модернизациядан өтіп жатыр. Соңғы жылдары ұлттық киімдердің өзегіндегі өзгерістерді зерттеу мәдени жад пен ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды тәсілі ретінде үлкен қызығушылық тудыруда. Бұл үдерістердің түбінде дәстүрлі киімдердің неғұрлым заманауи, стильді және әлеуметтік жағдайға сәйкес түрде трансформациялануы мен модернизациясы жатыр.

Модернизация, яғни қазақ әйелдерінің дәстүрлі киімдерінің қазіргі заманғы өмір салтымен үйлесімді түрде қайта пішімделуі – дәстүр мен жаңашылдықтың арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, қазіргі қоғамдағы рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Мәселен, соңғы уақыттарға дейін ұлттық киімдер тек қана мерекелік шараларда немесе этникалық фестивальдарда ғана киілетін болса,



қазіргі таңда күнделікті өмірде дәстүрлі элементтерді қосу арқылы киіну деңгейіне жеткен. Бұл өз кезегінде мәдени мұра мен жадты жаңғыртудың айқын көрінісі болып табылады.

Тақырыптың өзектілігі соңғы жылдарда дәстүрлі киімді насихаттау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп, киімнің пәнаралық ғылыми зерттеулердің маңызды нысанына айналуы, сондай-ақ, осы саламен айналысатын зерттеушілермен қатар мәдени мұра және ұлттық бірегейліктің мәселелеріне қызығушылық танытушы аудиторияның назарын аударып отырғандығымен түсіндіріледі. Сонымен қатар ұлттық мәдени мұраны сақтау және тарихи сананы нығайту – қазіргі Қазақстанның рухани даму стратегиясының басты бағыттарының бірі болып отыр. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың IV отырысында қазақстандық мәдениет пен бірегейлікті арттырудың маңыздылығы туралы айта келіп, «Ұлттық киімнің өзі – ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі. Сондықтан ұл-қыздарымыз ұлттық киімді тек мерекеде емес, ұдайы киіп жүрсе де жарасымды болатыны сөзсіз», – деп атап көрсеткен болатын [Аханбайқызы, 2024]. Шынтуайтында, дәстүрлі киімнің өзгерісіне талдау жасау халық мәдениетіне тән негізгі белгілерді, заманауи жағдайда оның дамуына жаңа серпін бере алатын іргелі үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді.

Аталмыш мақаланың мақсаты – ұлттық мәдени мұраны сақтау, оның ішінде дәстүрлі киімдердің мәдени жад пен бірегейлікті қалыптастыру, сондай-ақ, тарихи сананы тәрбиелеудегі рөлін айқындау арқылы дәстүрлі киімде орын алған өзгерістерді көрсету болып отыр. Қойылған мақсатқа жету үшін музей қорлары, мұрағаттық материалдар мен коллекциялар, сондай-ақ іргелі зерттеу еңбектері пайдаланылды. Аталмыш дереккөздер қазақтың дәстүрлі киімінің өзгеру механизмдерін көрсетуге, жекелеген элементтерінің тұрақтылығы мен мәдени динамикасын нақтылауға мүмкіндік берді.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс дәстүрлі киімнің трансформациясын, мәдени жадтағы рөлін және ұлттық бірегейлікпен байланысын түсінуге мүмкіндік берді. Тарихи-жүйелілік әдісі киімнің тарихи кезеңдердегі өзгерістерін талдауға негіз болды. Тақырыпты жаңа көзқарастар тұрғысынан зерделеуде шынайылық және сыни сараптау принциптері басты назарға алынды. Сонымен қатар авторлардың зерттеу еңбектерін зерделеу және интерпретациялау, ойды дәлелдеуде пәнаралық тәсіл, тарихнамалық талдау, киімге қатысты ғылыми еңбектердегі негізгі ұғымдар мен концепцияларды зерттеуде дискурсивті талдау тәсілі пайдаланылды. Теория бойынша, жад тек жеке бастың немесе жекелей тәжірибе ғана емес, сондай-ақ болашақты да, өткенді де түсінуді қалыптастыратын ұжымдық доменнің бір бөлігі. Осы қисын тұрғысынан алғанда киім тек утилитарлық функция атқаратын элемент қана емес, сонымен қатар жекелеген тұлғалардың, қоғамның, тарихи және мәдени жадтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан бұл мақалада мәдени жад концепциясы және мемориалдық киімнің оның құрылымындағы рөлінің қарастырылуы да заңды.

Қарастырылып отырған тақырыптың тарихнамасы ауқымды. Тақырып аясындағы зерттеулерде мәдениеттану, мәдени антропология, әлеуметтану және тарих ғылымдарының, дизайн және сән индустриясының өзара байланысы байқалады. Мақалада зерттеу тақырыбына арқау болып отырған мәдени жад, ұлттық бірегейлік және дәстүрлі әйел киімдерін зерттеуге арналған толымды еңбектер қарастырылып, музейлік материалдар зерделеніп, авторлық көзқарас тұжырымдалды. Зерттеудің деректік базасын шетелдік ғалымдардың жад мәселесін талқылаған теориялық ғылыми жұмыстары, дәстүрлі киімді зерттеуші отандық және шет ел зерттеушілерінің еңбектері мен музейлік материалдар құрайды.

**Талқылау.** Қазақ киімінің зерттеліп отырған кезеңдегі дамуы мен өзгеріске түсуін қарастырмас бұрын, халықтың киім үлгілері жинақталған музейлік коллекцияларға баға беру керек. Өйткені, пішімі бұзылмаған дәстүрлі киім үлгілерін қазіргі таңда тек музей қорлары мен экспозициясынан, ал оның визуалды нұсқаларын мұрағаттық деректерден ғана кездестіруге болады. Қазақстан Республикасында дәстүрлі киім үлгілері едәуір толық түрде жинақталған орын – екі ғасырға жуық тарихы бар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі (әрі қарай – ҚР МОМ).

Қазақ этнографиясына қатысты коллекциялар республикадан тыс жерлерде де сақталған. Атап айтқанда, негізінен, Ресей этнографиялық музейінің (РЭМ), Ресей Ғылым Академиясының I Петр атындағы антропология және этнография музейінде (Кунсткамера), Омбы мемлекеттік тарихи-өлкетану музейінде (ОМТӨМ) және сан жағынан ауқымды болмаса да әлемнің өзге де музейлерінде сақталған. Бұл коллекциялар бірқатар зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне арқау болды [Әлімбаев, 2017: 6-11; Стасевич, 2017: 109-116; 2016: 20-36; Попова, 2019: 120-129; 2022: 247-252; 2008: 294-300;

Стасевич, Попова, 2012: 604-627; Смелякова, 2008: 181-184; Захарова, Патрушева, 1999: 59-61; Прищепова, 2000; Курылев, 1998: 65-67].

Мәдени жад терминін ғылыми айналымға алғаш енгізген неміс ғалымы Я. Ассманн [Assmann, 2012] болатын. Ғалым өз зерттеуінде мәдени жадтың екі түрін бөліп көрсетіп, коммуникативті жад пен мәдени жад терминдерінің арасына шекара қойған. Коммуникативті жад қысқа мерзімді, яғни оның қалыптасуы бір ұрпақты ғана қамтиды. Автор оны 80-100 жылмен шектейді. Ал мәдени жад ғасырлар бойы қалыптасып, материалды және материалдық емес тасымалдағыштарда сақталады. Мұндай тасымалдауыштар қатарына Я. Ассманн монументалды конструкциялар, жазба деректер, визуалды тасымалдағыштар, ғұрыптар мен дәстүрлерді жатқызады. Зерттеуші А. Эрл жадтың бұл типін әлеуметтік-мәдени контекстегі өткен мен болашақтың байланысы деп көрсетеді [Erl, 2008: 11]. Жад мәселесін тереңдете зерттеген П. Нора «мәдени жад символикалық, материалдық және функционалдық элементтерді біріктіреді» деген тұжырым жасады [Nora, 1989: 7–24]. Соңғы жиырма жыл көлемінде шетел тарихнамасында аталмыш тақырыпқа қатысты танымдық тағылымы уақыт өткен сайын өсе беретін пәнаралық зерттеулер жарық көрді. Мәселен, шетелдік тарихнамада мәдени жадтың мәселелерімен Я. және А. Ассманндармен қатар, А. Эрл, В. Фортунати, Е. Ламберти, Д. Харт айналысты. Зерттеуші Д. Ловенталь бірегейлік (идентичность) пен мәдени жадтың өзара байланысын көрсетсе, Л. Смит, Б. Грехем және П. Ховард жадпен қатар мәдени мұра феноменін зерттеді [Nora, 1989: 122]. Мәдени жад пен бірегейлік ұғымы мағыналас. Л. Смит бойынша бірегейліктің үш негізгі сипаты бар: қандай да бір этникалық топқа тиістілік, өзінді «өзгеден» даралау және этникалық пайымдар мен құндылықтарды қондыру [Megill, 1998: 37–62]. Д. Ловентальдың пайымдауынша мәдени мұра белгілі бір деңгейде болашақтың мақсатты зерттеуіне арқау бола алатын «мәдени өнім немесе әлеуметтік, саяси функциялары бар ресурс».

Мәдени жад ақпарат тасушы ғана емес, ол одан да күрделі, үнемі дамып, өзгеріп отыратын субстанция. Сондықтан Ю. Лотман мәдениеттің жады біртұтас емес, ол іштей әртүрлі және мәдени жадтың мәні «сақталмайды», уақытқа сәйкес өсіп, дамып отырады [Лотман, 1992: 200] деп тұжырымдайды.

Киімдегі XIX–XXI ғғ. этномәдени ерекшеліктер, эволюциясы мен өзгеріске ұшырауы, киімнің мәдени динамикасы орыс зерттеушілерінің соңғы жылдардағы зерттеулерінде кеңінен қарастырылып жүр [Емельяненко, 2012; Волобуева, 2008; Алехина, 2011]. Ал отандық тарихнамада бұл тақырып әлі толық әрі жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Дегенмен, А.А. Жиенбекованың қазақтың дәстүрлі киімінің болмыстық бірегейлігі, этномәдениеттегі дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімі ретіндегі мәні, сондай-ақ, киімдегі дәстүр мен инновацияның синтезін қазіргі өркениеттің парадигмасы ретінде сипаттаған мақаласын [Жиенбекова, 2012: 83–87], А.П. Таженованың дәстүрлі киімнің көркемдік-композициялық үйлесім принциптері мен эстетикалық шешімдері, сондай-ақ, этнодәстүрлік ерекшеліктері мен қалыптасу эволюциясын, қазіргі заманғы киімдерде ұлттық нақыштарды қолдану тәсілдері қарастырылған шолуын [Таженова, 2012: 219–227], Ж.М. Молдагазинаның Шығыс Қазақстан қазақтарының дәстүрлі киімінің эволюциясына қатысты этнографиялық зерттеулерінің нәтижелері келтірілген мақаласын [Молдагазина, 2015: 85–90] ерекше екшеп атап өтуге болады. Сонымен қатар мәдениеттанушы, профессор Ж.Шайгозова мен Л. Нехвядовичтің «өзгеше» мәртебелі адамдардың, атап айтқанда, дала ақсүйектерінің, шығармашылық адамдарының, сондай-ақ шамандар мен өзгешелік мәртебесіне ие басқа тұлғалардың костюм элементтеріне интерпретация жасап, киім мен имидж өзгешелікті ең айқын әрі анық көрсететін әрі анық көрсететін құрал екенін негіздеген ғылыми мақаласын [Шайгозова, Нехвядович, 2024: 135–156], С.Ж. Асанова, Т.М. Степанская, А.Е. Асанова, Б.Е. Асанова, Е.Б. Кушекбаевтың дәстүрлі киімнің дамуын «күнделікті тұрмыстық бұйым – музей экспонаты – сән – қазіргі заманға сай трансформацияланатын нысан» жүйесінде қарастырған көлемді зерттеу мақаласын айтуға болады [Assanova және т.б., 2017: 37–45].

Қорыта келгенде, дәстүрлі киім мәдени жадтың маңызды тасымалдаушысы бола отырып, өз бойында халықтың тарихи дамуының, мифологиялық түсініктерінің және дүниетанымдық ерекшеліктерінің элементтерін сақтайды. Бұл құбылыс психологиялық тұрғыдан алғанда, жеке тұлғаның өз халқының тарихи үдерісіне тиесілілік сезімін қалыптастыруға септігін тигізеді. Мұндай сезім тарихи сана мен этникалық сәйкестікке негізделген мақтаныш пен ата-бабаға деген құрметтің дамуына ықпал етеді. Қазіргі жаһандану мен әлеуметтік-мәдени өзгерістер үдерісінің жедел қарқыны жағдайында, дәстүрлі киім сынды мәдени мұра элементтері өткен шақпен тұрақты рухани байланысты сақтауға, сондай-ақ қазіргі заманғы әлеуметтік кеңістіктегі өз орнын нақтылауға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары әлем ғалымдары гуманитарлық салада «мәдени жад» мәселесіне ерекше назар аударуда. Қазіргі таңда жад феноменін зерттеуге арналған теориялық-әдіснамалық бағыт – memory studies қалыптасқан. Memory studies – адамзаттың өткенді есте сақтау, қайта елестету, ұрпақтан ұрпаққа беру тәсілдерін зерттейтін пәнаралық ғылым саласы. Жалпы жадты жеке сала ретінде зерттеу ХХ ғасырдың 80-ші жылдарының соңы – 90-шы жылдардың басында қолға алынған. Бұл кезеңде осы сала аясында ғылымдардың жадқа байланысты ұстанымдары мен көзқарастары біріге, бітісе бастады. Демек, аталмыш кезеңде жадты зерттеушілер тарихи нарратив, иденттіліктің постструктуралистік теориясы контекстінде тарих, антропология, психология және социологияның ұстанымдары негізінде жеке көзқарастардың бірігуі мүмкін бола бастады [Нечаева, 2020: 121]. Мәдени жад (Cultural Memory) – бір мәдениетті бөлісетін адамдар тобы ортақ пайдаланатын ұжымдық жадтың түрі әрі мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің маңызды механизмі. Зерттеу нысанына айналып отырған дәстүрлі киім – мәдени жадтың естелік объектілерінің бірі әрі ерекше көрінісі ретінде белгілі бір тарихи кезеңнің әлеуметтік, эстетикалық және мәдени ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Сондықтан автор мақаланы жазу барысында киімнің мәдени жад объектілерінің бірі екенін негіздейтін теориялық зерттеулер және киімнің өзгеріске түскенін көрнекті түрде нақтылайтын музейлік коллекция мен есепке алу-сақтау бойынша архивтік материалдар, визуалды деректер мен зерттеу мақалаларын зерделеп, қорытынды жасауға тырысты.

**Нәтижелер.** ХІХ ғасырда қазақ даласына енген жаңа тұтыныс бұйымдарының саны артқан сайын ауқатты адамдар сән-салтанатты бұйымдарға қол жеткізу арқылы қоғамдағы әлеуметтік мәртебесін көрсетуге тырысты. Сонымен қатар, капиталистік қатынастарға өтуге байланысты Ресейден келген тауарлар біртіндеп Орта Азиялық өнімдерді ығыстыра бастады. Бұл туралы қазақ халқының этнографиясына қатысты құнды деректер қалдырған зерттеуші А.И. Левшин бұл кезеңде, яғни ХІХ ғасырдың басында қазақ шапандары барқыт, шұға, сондай-ақ, орыс, қытай, бұқар, хиуалық жібек және өзге де маталардан тігілгенін, ал шаруалар шұға, шекпен, киіз, тіпті қаптан киім тігіп кигенін жазған [Левшин, 1832: 43–44]. Жалпы, ХVІІІ–ХІХ ғғ. қазақтың ер және әйел киімдерінің жиынтығы біркелкі болды.

ХІХ ғасырдан ХХІ ғасырға дейінгі кезеңде қазақтардың дәстүрлі киім үлгілерінің трансформациясы олардың өмір сүру салтының, саяси құрылымның, мәдени құндылықтарының және өзге этностармен өзара ықпалдастықтың терең өзгерістерін айқын бейнелейді. Дәстүрлі киімнің эволюциясы мен трансформациялық үрдістерді шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады: ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың басы, 1917–1940 жылдар, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең.

Алғашқы кезең Ресей империясының Орталық Азияға дендеп енуімен байланысты. Бұл кезеңде қоғам өмірінде дәстүрлі негіздер сақталғанымен, жаңа элементтер ене бастайды. Өзгерістер әкімшілік басқаруға, күнделікті өмір мен тұрмысқа ғана емес, тақырыптың зерттеу нысаны – дәстүрлі киімге де әсер етті. Сауда қатынастары, тауар айналымының артуы киімге қолданылатын мата түрлерінің көбеюіне, олардың түстеріне, пішім ерекшеліктеріне өз әсерін тигізді. Мәселен, мата енінің өзгеруі киімнің пішілуі мен кесілуіне әсер етпей қоймады. Бұрын кебенекше ойылып пішілетін (туникообразный покрой) киімдер енді өзгеше пішіліп, яғни дөңгелектенген жең ойындысы, иық бойындағы тілік, артқы және алдыңғы бойды жеке кесіп тігу арқылы жүзеге асты. Орталық Азия халықтарының дәстүрлі киімін зерттеуші Н.П. Лобачеваның пікірінше, мұндай пішу түрі Ресей халықтарының ықпалымен пайда болды және бұл жаңашылдықты ресейліктермен тығыз байланыста болған қырғыздар мен қазақтар алғашқы болып қабылдаған [Лобачева, 2001: 92].

Дәстүрлі киімнің трансформациясындағы екінші кезең – Кеңес өкіметінің орнауымен байланысты. Бұл кезең қазақ халқының тарихи тағдырында түбегейлі өзгерістер орын алған кезең және ол мәдениетке, тұрмысқа әсер етпей қойған жоқ. Киімдегі өзгерістер, әсіресе, ер адамдар арасында анық байқалды. Бұл ер адамдардың қоғамдағы өзгерістерге жылдамдық бейімделуінен, еуропалық сипаттағы киімге көше бастауынан анық көрінді. Ал әйел киімдері өзгерістерге анағұрлым төзімді болды, яғни, аталмыш кезеңде әйел киімдері түбегейлі емес, жекелеген бөліктерінде ғана түрленіп отырды.

ХХ ғ. 20-шы жылдарындағы қазақ киімдерінен өлкеде экономикалық ахуалдың төмендегенін аңғаруға болады. Этнограф-ғалым Ә. Диваев бұл кезеңде қажетті матаның жоқтығынан ішкі киімнің мақта матадан, ал сырт киімнің үй жағдайында тоқылған, табиғи түсті шекепеннен тігілгенін жазады [Орынбаева, 2020; 66].

Дәстүрлі киімнің трансформациясына саяси-экономикалық институттардың да зор ықпалы болды. 1920-шы жылдардағы колхоз құрылысының басталуы, өнеркәсіптің жеке салаларының

құрылуы, сондай-ақ, КСРО-ның социализм құрылысына әйелдерді жұмылдыру саясаты жүргізілді. Мамандарға деген қажеттілік қазақ әйелдерінің жаңа мамандықтарды игеруіне деген қажеттілікті тудырды. Осы кезеңнен бастап әйелдер камзолдың орнына қысқа, жеңсіз күртелер киіп, фабрикалық өндірістің сырт және аяқ киімдерін қолдана бастады.

Үшінші кезең – екінші дүниежүзілік соғыс және соғыстан кейінгі жылдармен байланысты. Соғыс қазақ халқының ғана емес, бүкіл елдің өміріне әсер етті. Азық-түлік тапшылығы сезіліп, өзге қажеттіліктер келесі орынға ығыстырылды. Сондықтан соғыс жылдарындағы киімнің дамуы, оның жаңа элементтермен толығы, өзгеріске түсуі және кезеңдегі сән тенденциялары жайлы айту қиын.

Дәстүрлі киімнің XIX-XXI ғғ. трансформациялануын бірнеше аспект негізінде қарастыруға болады. Тарихи-хронологиялық жағынан қарастыратын болсақ, XIX ғасырда қазақ халқы көшпелі өмір салтын ұстанатын, ал киімдері ызғардан, желден, аптаптан қорғау қызметін атқаратын. XX ғасырда сол дәстүрлілік сақталды, алайда Ресейдің ықпалы күшейе бастады, мәселен фабрикалық матаның келуі, пішім түрінің өзгеруі, жаппай урбанизация және отырықшы өмір салты, сондай-ақ, киімді унификациялау және стандарттарға бағындыру, советтік мода. Осыдан келіп ұлттық киім сахнаның, фольклордың (фальклоризация) элементіне айналып, мерекелерде ғана кию бой алып, мүлдем тұрмыстық қолданыстан ығыстырылды деуге болады [Исембердиева, 2025]. Ал XXI ғасырда этникалық мәдениетке деген қызығушылық қайта оянып, дәстүрлі элементтерді заманауи сәнге белсенді түрде интеграциялау (мәселен, этно-стиль, этно-дизайн), ұлттық элементтерді кинода, халықаралық сән көрсетілімдерінде насихаттау қолға алынды.

Мәдени-семантикалық аспект тұрғысынан келсек, қазақы ортада киім тек тұрмыстық қажеттілікті өтеу құралы ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік-коммуникативтік мағынасы бар семиотикалық жүйе функциясын атқарған. Киім адамның жасы, әлеуметтік мәртебесі, жынысы, сондай-ақ, рулық, этностық және аймақтық шығу тегі туралы ақпарат беретін маңызды мәдени код ретінде танылған. Бұл ойды белгілі этнолог-ғалым Нұрсан Әлімбаев: «... дәстүрлі киім-кешек тікелей тіршілікқамын қамтамасыз ету қызметімен қатар, «... эстетикалық, эротикалық, магиялық, адамдардың жасына байланысты қызмет және әлеуметтік-жыныстық (күйеудегі әйел костюмінің функциясы), осыған байланысты моральдық, әрі сән-салтанаттық, ғұрыптық, кәсіби, сословиелік пен адамдардың айналысатын кәсібін, діни ұстанымын, аймақтық ерекшелікті айғақтайтын қызметтер атқарды. Аталмыш функционалдық қана ерекшеленетін сипаттардың өзара себеп-салдарлық байланыстағы жүйесі дәстүрлі киім-кешекті этникалық мәнді дара бітімін айғақтайды. Ал осы дара қасиеттер мен белгілер дәстүрлі киім-кешекті этностың өзіндік айқындау жүйесінің (система самоидентификации этноса) қалыпты қызметінің ең қажетті де, маңызды факторларының біріне айналдырады. Яғни, халықтық киім-кешек жоғарыда аталған сан алуан қызметтердің бірыңғай көрінісі іспеттес этнокіріктіруші, әрі этножіктеуші (этнодифференцирующая и этноинтегрирующая) өзара себеп-салдарлық байланыстағы қызметтер де атқарады. Осыған орай, дәстүрлі киім-кешек семиотикалық аса мәнді айрықша белгілер жүйесі (знаковая система) болып табылады. Демек, халықтық киім-кешекті оның атқаратын сан алуан тіршілікқамын қамтамасыз ету және әлеуметтік-мәдени қызметі тұрғысынан әлеуметтік қатынастар жүйесінің (мысалы, көшпелі ортадағы) «құралдық» элементтер деп аталатын бөлігіне жатқызуға болады», – деп нақтылайды [Қазақтың дәстүрлі, 2009: 7]. Қазіргі заманда дәстүрлі киім элементтерінің интерпретациясы мен қайта өңделуі барысында олардың бастапқы семантикалық мазмұны жиі жоғалады немесе көмескіленеді. Соның нәтижесінде киім мәдени ақпараттың күрделі тасымалдаушысы ретіндегі рөлінен алыстап, көбіне визуалды сәйкестік пен этникалық бірегейлікті бейнелейтін символдық нышан деңгейінде ғана қабылданатын болды.

Әлеуметтік-саяси аспект тұрғысынан қарасақ, империялық және кеңестік биліктің ықпалы қазақ халқының дәстүрлі киім үлгілерінің біртіндеп жойылуына және ұлттық формалардың ұмыт болуына алып келді. Бұл кезеңде киім идеологиялық бақылау мен мәдени біріздендіру саясатының құралына айналды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде ұлттық киімге деген көзқарас түбегейлі өзгеріске ұшырап, ол қайтадан этномұраның маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырыла бастады. Бүгінгі таңда дәстүрлі киім элементтері ұлттық өзіндік сана мен мәдени бірегейлікті айқындау, сондай-ақ тарихи сабақтастықты сақтау құралы ретінде кеңінен қолданылады [Костцова: 2025]. XX ғасырда, әсіресе, кеңестік кезеңде эстетика минимализмге ұмтылып, киімнің функционалдығы мен қарапайымдылығы басымдыққа ие болды. Айшықты түстер мен бай әшекейлерден бас тарту тенденциясы байқалды. XXI ғасырда ұлттық сән индустриясында сәндік элементтерді молына қолдануға қайта бет бұру, қазақтың

дәстүрлі ою-өрнектерін заманауи тұрғыдан қайта ойластыру және өзіндік визуалды код қалыптастыру үдерісі қарқын алууда.

**Мемориалдық киім және оның мәдени-тарихи маңызы.** Мемориалдық киім (*memorial clothing*) жеке адам немесе ұжымдық жадпен, тарихи оқиғалармен, тұлғамен, салт, ғұрыппен тығыз байланысты, еске алу және есте қалдыру мақсатында сақталған немесе киілген киім. Сонымен қатар, мемориалдық киім ұғымы адамдардың өткен оқиғалармен байланысын сақтауға, белгілі бір символикалық мәндер мен мағыналар арқылы жадты бекітуге мүмкіндік беріп, ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз ететін «естелік» маркер қызметін атқарады. Ғылымда мұндай киімдер тарихи дереккөз ретінде қарастырылады, себебі олар өткен дәуірдің сәндік-қолданбалы өнерінен, материалдық мәдениетінен және әлеуметтік құрылымынан, тіпті экономикалық ахуалынан да мәлімет береді. Сонымен қатар, тұлғаның қоғамдық мәртебесін, оның жеке ерекшеліктерін де көрсетеді. Осы арқылы ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтып, қоғамның әлеуметтік және мәдени құрылымының көрсеткіші ретінде де қызмет етіп, мәдени жадтың материалдық тасымалдаушысы ретінде танылады.

Мемориалдық киімдердің негізгі ерекшеліктері ретінде тұлғаның саяси немесе мәдени ықпалының белгісі, әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін айқындаушы фактор, дәстүрлі қолөнер мен технологиялардың дамуын көрсететін артефакт, ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді айқындаушы қасиеттерін қарастыруға болады. Киімдердің осы аталған ерекшеліктері оларды мәдени жадты сақтаудың құнды элементіне айналдырады. Сондықтан зерттеуші Я. Ассманн мәдени жадты ұрпақтан-ұрпаққа берілуін қамтамасыз ететін материалдық және символдық формаларын ерекше атап өтеді [Assmann, 2011]. Бұл тұрғыдан алғанда, мемориалдық киімдерді «естелік» ретінде де қарастыруға болады [Nora, 1989: 7–24.].

Мемориалдық киімдер бірнеше маңызды мәдени және әлеуметтік функцияларды атқарады. Атап айтқанда, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, яғни, тарихи тұлғаларға тиесілі киімдер халықтың ұжымдық санасын қалыптастыруда үлкен миаңызға ие. Мұрагерлік және сабақтастық, яғни, киім үлгілері ұрпақтар арасындағы байланысты сақтауға көмектеседі, сондай-ақ, ғұрыптық мағынада, яғни, кейбір мемориалдық киімдер діни немесе салттық рәсімдермен тығыз байланысты. Бұл қатарға эстетикалық және сәндік құндылық ретінде де қарауды қосуға болады, демек, мемориалдық киім мәдени мұра ретінде сәндік-қолданбалы өнер мен қолөнердің дамуын да айқындайды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің қорында 2200 киім-кешек сақталған. Олардың қатарында зерттеу тақырыбына арқау болатын бірнеше тарихи тұлғаның киім-кешегі сақталған және олардың кейбіріне тоқталуды жөн көрдік.

**Фатима ханшаның бешпенті: билік пен мәртебенің көрінісі.** Жәңгір ханның әйелі, Фатима ханша (1808–1845) Орынбордың белгілі мүфтиі Мұхамеджан Хусейновтың қызы, өз заманының көрнекті тұлғасы. Деректерге сүйенсек, ол орыс және татар тілдерінен басқа, ағылшын, француз, неміс тілдерінде еркін сөйлеген, сарай этикетін, Құранды білген, фортепианода ойнаған [Абылкасов, Абылкасова, 2022: 47–48]. Фатима ханша тартымдылығымен тек қазақ даласында ғана емес, сонымен қатар Ресей империясында да белгілі болған. Ал оның киім үлгісі сол заманғы ақсүйектерге тән сәндік элементтерімен ерекшеленеді. Мәселен, Орталық музей қорында ЦМК КП 3695 мемлекеттік тіркеу нөмірімен сақталған XIX ғасырдың ортасына тән бешпентінің пішімі, қолданылған мата түрі мен ширатпазерттер иесінің әлеуметтік мәртебесін ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортасының эстетикалық талғамын да айғақтайды. Бешпенттің тысы қызыл барқыттан тігіліп, қызыл жібекпен астарланған. Артқы бойына, бел тұсынан майда бүрмелер салып қыналған, жағасы тік. Тірсек жеңі таяз жең ойындысына қондырылған. Арқалығы екі бөліктен тұрады. Жағасы, өңірі, жеңінің аузы, етегіне айналдыра қазыл-сары зермен ширатпа көгеріс өрнектер кестеленген. Бешпенттің жалпы ұзындығы 95 см, жең ұзындығы 25 см, ені 18-26 см, екі иіннің аралығы 35 см, етегінің шалғайы 160 см, өңірінің ені (етегінде) 43 см.



Сур. 1. Бешпент [КП 3695, ҚР MOM]

Бешпенттің музей қорына түсу жолына тоқталар болсақ, Орталық музейдің есепке алу-сақтау құжаттарына сүйенуге тура келеді. Атап айтқанда, Орталық музейдің алғашқы коллекциялары қалыптасқан Орынбор музейінен берілген «Протокол приобретения коллекции по историко-этнографическому отделу за 1923 г. Оренбургский музей» хаттамалар жинағында: «Я, секретарь Представительства Киргизской Республики Мурзин передал в Центральный Краевой музей, проданные Гульсумой Шейх-Али, урожденной Тевкелевой, родной внучкой Ханши Фатимы, жены хана Джангира Полномочному Представительству КССР в Москве для Исторического музея Киргизской Республики бархатный вышитый золотом бешмет и парчевую рубашку, принадлежавшие жене предпоследнего хана Букеевской Киргиз-Кайсацкой Орды Джангира Ханше Фатиме и перешедшие Гульсуме Шейх-Али в собственность от матери ее Зулейхи, родной дочери Ханши Фатимы. Означенные бешмет и рубашка проданы за 3500 рублей знаками 1923 г. За историческое происхождение проданных бешмета и рубашки ручается Гульсума Шейх-Али» [ҚР MOM. Оп.5 Д. 610. Св. 1. П. 6] (орфографиясы сақталды) турасында мәлімет сақталған. Бұл мәліметтер тарихи жәдігерлердің тарихи мәні мен құндылығын арттыра түседі, себебі, біріншіден, қазақ хандарының отбасылық мұрасының сақталып отырғандығында, екіншіден ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілуінде. Бұл тұрғыдан алғанда музейлердің мәдени мұраны сақтау, зерттеу және насихаттауда атқарар рөлі ерекше.

Жалпы алғанда, Фатима ханшаның бешпентінің құрылымы мен пішімі өз кезеңіндегі қазақ әйелдерінің дәстүрлі киімдерінің түп-сыйпатын сақтай отырып, оларды жаңартудың үлгісі бола алады. Яғни, бешпентте дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре отырып, иесінің әлеуметтік мәртебесі мен ерекшелігі айқын көрініп тұр. Мәселен, бұл кезеңнің бешпенттері ұзын жеңді, көбіне қынамасыз, кең-молынан пішілген болса, Фатима ханшаның бешпентінің пішімі мен сәні ұлттық киімдердің элементтерін сақтай отырып, оның сыртқы түріндегі сәнділік және сәндік элементтер арқылы жаңа әлеуметтік өзгерістер мен өркениеттілік деңгейін білдіреді. Бешпенттің сүйірленген өңірі, тік жағасы мен жеңдерінің қысқаруы жаңа стильдер мен үдерістердің әсерінен туындаған өзгерістерді көрсетеді. Демек, дәстүрлі қазақ киімдеріне тән кең және бос пішімдер уақыт өте келе тартымды әрі қатаң пішімдерге ауыса бастады. Фатима ханшаның бешпентіндегі қыналған бел мен күрделі өрнектер оның тек сәнді киім ғана емес, әлеуметтік мәртебесін және қоғамдағы рөлін айқындайтын символдық белгі деп қарастыруға болады.

**Мамық ішік: тарихи мұра және отбасылық реликвия.** Тарихта Уәлихановтар әулетінің орны ерекше. Музей қорында осы әулетке байланысты бірнеше жәдігер сақталған. Олардың қатарында Ш.Уәлихановтың бөрігі, мылтығының дүмі, Қашқар сапарынан алып қайтқан фарфор вазасы, сонымен қатар әпкесі Әпияның көйлегі мен қарындасы Тәжібайдың аққудың мамығынан жасалған ішігі бар. Соның ішінде әйел киімдеріне тоқталайық. Аталмыш мамық ішік сәндік және практикалық

функцияларды қатар атқаратын ерекше киім. Оның жасалу техникасы мен қолданылған материалдары жасаушы шебердің жоғары қолөнерлік деңгейін көрсетеді. Ішік аққудың кеуде тұсы терісінен тігіліп, ақшыл-сары берен барқытпен тысталған. Белі қынамалы, етек шалғайы кең. Иық тігісі қиғаш, жеңі қондырма, ішкі жағынан мақтамен сырылған. Орама жағалы, белін артқы бойынан қынап тігілген. Өңірі, етегі, жеңі аққу мамығымен жұрындалып, оқа бастырылған. Оң жақ өңіріне екі баулық қадалған. Жалпы ұз. 110 см, жең ұз. 76,5 см, екі иіннің аралығы 43 см, етегінің шалғайы 290 см, өңірінің ені (етегінде) 62 см.



Сур. 2. Мамық ішік [КП 13950, ҚР MOM].

Соңғы кезге дейін аталған киім «аққудың мамығынан» тігілген деп жаңсақ айтылып келген болса, этнолог-ғалым, профессор Нұрсан Әлімбаев ішіктің «аққудың кеуде тұсы терісінен» дайындағанын нақтылады [Қазақтың этнографиялық, 2017: 153–154]. Дәстүрлі қазақы ортада аққу терісінен тігілген мұндай ішік өте жоғары бағаланатын. Ғалымның әңгімелеуі бойынша: Шыңғыс Уәлихановтың кіші қызы Тәжібай сол кездегі Баянауыл дуанының әйгілі биі Шорманның немересі Әмір-Темір Әужанұлына ұзатылғанда «бес жақсының» қатарындағы ішік қыз жасауына арнайы тігілген. Тәжібай келін болып босаға аттағаннан кейін үлпілдеген ұлпа тон Шормановтар әулетінің меншігіне өтеді. Өкінішке қарай, Тәжібай мезгілсіз қайтыс болып, Әмір-Темір Шыңғыс төренің үшінші ұлы Қозыкөненің қызы Бәденге үйленеді. Бұдан кейінгі жылдарда аққу ішікті Бәден қызы Мақышқа, Мақыш өзінің қайынбикесі Фарихаға, уақыты келгенде Фариха қызы Ғафифаға тарту еткен. Музей қорында сақтаулы мамық ішіктің 150 жылға жуық тарихы бар. О баста қызыл барқытпен тысталған тон кейін қайта өңдеуден өтіп, сол заманның үлгісіне сай қондырма жең, қынама бел етіліп, сырты сарғыш боз жібек барқытқа ауыстырылады. Тарихшылар қазақ салт-дәстүрлерін жетік білген, мұсылманша, орысша сауатты болған Шыңғыс Уәлихановтың киелі құсты атқызуы мүмкін еместігін, сол кезеңдерде казактар мен орыс келімсектерінің қазақ жерінде жасаған жәрмеңкесінде молынан сатылатын аққу мамығынан тон тіктіруі табулық нормамен (казактар аққудың, бүркіттің, үкінің қауырсыны мен тырнағын тұмар ретінде қолданады) қайшы келмейтіндіктен қадірлі қызына осылайша қымбат сый жасауы мүмкін екенін алға тартады [Аханбайқызы, 2017]. Ішікті Ғарифа Наурызбаеваның немересі, Алматы қаласының тұрғыны Әкімбаев Ричард Иманұлы (1909 ж.т.) 1974 жылы музейге тапсырған [ҚР MOM. ГИК<sup>22</sup>, 14. П.47].

«XVIII ғасырдағы Ресей академиялық экспедициясы қазақ этнографиясы туралы» атты басылымда «Аққулар үлкен көлдерде әр жерде, сондай-ақ Каспий теңізінің жағалаулары да көп, бірақ басқа жерлермен салыстырғанда олардың ерекшеліктері жоқ. Одан, кеудесі мен қарын тұсының терісін сыпырып, одан тері жасайды, олар өте жұмсақ әрі жылы болады» [XVIII ғасырдағы, 2007: 127] деген мәлімет келтірілген.

Деректерге сәйкес, аққудың мамығы түлеу кезінде арнайы құс фабрикасында өсіретін аққудан немесе аққудың ұясына түскен мамықтарынан қолмен жиналады. Бір құстан небәрі 30-40 грамм мамық жиналады. Сондықан табиғи мамық сирек және қымбат материал түріне жатады. Аққу

<sup>22</sup> Главная инвентарная книга

мамығы жеңіл әрі жылу сақтау қабілеті өте жоғары, сондай-ақ, мыжылса да көлемін тез қалпына келтіреді. Бұл келтірілген мәлімет ішіктің «аққудың кеуде тұсы терісінен» тігілгендігін нақтылай түседі. Өйткені, ішікті органолептикалық әдіспен мұқият қарау барысында теріні аңғаруға болады.

Дәстүрлі қазақы ортада аққуды құстың төресіне балап, ерекше құрметпен қарайды және аққуды атуға қатаң тыйым салады [Валиханов, 1961: 114]. Аққуды атуға, өлтіруге табу қою оның киелілігіне де байланысты. Халық арасында аққуды атқан адамның өмірінде өкінішті жағдайлар орын алғаны немесе белгісіз жағдайда кенеттен қайтыс болғаны туралы аңыз-әпсаналар жеткілікті. Зерттеуші Р. Кукашев аққудың бурят, тыва, якут, хакас, моңғол халықтарының жекелеген руларының, соның ішінде Шыңғысханның да тотемі болғанын жазады [Кукашев, 2002: 40]. Түркі мифологиясында аққу күннің символы болып табылады және аспан мен жер арасын байланыстырушы буын ретінде танылады. Шыңғыс ханның арғы атасы күн сәулесінен жаратылған деген де наным бар [Қақабаев, 2009: 460]. Сондықтан бұл ішіктің Шыңғыс ұрпақтарна тиесілі кездейсоқтық болмаса керек.

Мамық ішіктің жалпы салмағы 3040 грамды (3,04 кг) құрайды. Алайда, ішікті тігу барысында қанша аққудың кеуде терісі қолданылғанын анықтау мүмкін емес. Дегенмен, жоғарыда аталған зерттеуші Р.Кукашевтың мәліметтерінде «... 20 аққудың терісінен тігілген» деген ақпарат келтірілген [Кукашев, 2002: 38]. Алайда, ішікті жан-жақты қарау, зерделеу барысында бұл көрсеткіштен әлдеқайда көп аққудың кеуде терісі қолданылған деген тұжырым жасауға болады.

Уәлихановтар отбасына тиеселі келесі артефакт – Ш.Ш. Уәлихановтың әпкесі Әпиэ (Баттал Шормановқа тұрмысқа шыққан) киген көйлек – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында орын алған киім үлгілерінің трансформациясын көрсететін бірегей артефакт. Көйлек сарғыш-жасыл жібектен, белінен қосылып тігілген. Кеуделігі кебенекше ойып пішілген және ақ түсті шытпен астарланған. Жеңі тік және екі жерден қусырылған, оған қиық қоса шабылған. Жең мен қолтықтың түйісіне жолақты матадан қолтырмаш салынған. Жеңұшы қызыл атласпен көмкерілген. Қайырма жағалы, жағасында екі ойығы бар. Көйлектің өрнектері Әбіл-Мақыжан Уәлиханның эскиздері бойынша өрнектелген. Әпиэдан қызы Рабиғаға, Рабиғадан оның қызы Әсия Ахметоваға берілген [ҚР МОМ. ГИК, 11. П. 16].



Сур. 3. Көйлек [КП 11269, ҚР МОМ].

Дәстүрлі қазақы ортада 30 жастан асқан әйелдер қызыл түсті және қызыл түске басымдық берген өрнекті матадан көйлек кимейтін. Көйлектер негізінен әртүрлі маталардан тігілген: күнделікті киюге арналған көйлектер жеңіл мақта-маталардан, ал XIX ғасырдың ортасынан бастап көйлектерге негізінен орыс өндірісі маталары, қытай және басқа да фабрикалық мақта маталар қолданылған. Бұл кезеңдегі көйлектер кебенекше ойылып, кең-молынан пішіліп, жеңдері тік, ұзын әрі кең болып келетін. Жаға ойындысынан көкірек тұсына дейін тілік шығарылып, мойын тұсынан баумен байланатындай етіп тіккен, ал кейінірек бұл бау орнына ілгек қойылған. XIX ғасырдың ортасында



көйлек жағасы көбіне ойық, қайырма жағалы болған, ал ғасырдың екінші жартысында оны тік жаға алмастырды. Сәнді көйлектерге белге дейін астар салынатын [Захарова, Ходжаева, 1964: 80].

Жоғарыда аталған көйлек қосымша элементтермен толықтырылған және белгілі бір деңгейде модернизацияланған. Оны бірнеше сыртқы белгілері арқылы нақтылауға болады. Айталық, көйлек жібек матадан тігілген, ал бұл оның әлеуметтік статусы жоғары, ауқатты отбасына тиесілі екенін көрсетеді. Жібек – дәстүрлі қазақ тұрмысында сирек қолданылатын, көбінесе қала мәдениетінің немесе орыс-парсы ықпалының белгісі ретінде қабылданатын мата түрі. Пішім бойынша, белінен қосылып тігілген конструкция – көбіне еуропалық киім үлгілеріне тән белгі. Дәстүрлі қазақ көйлегінде бел сызығы анық көрсетілмейді, ал бұл көйлекте бел сызығы мен ұсақ бүрме, дене пішінін айқындайтын форма бар. Сондай-ақ, көйлек сәндік элементтерге бай: алқымына түрлі-түсті жіптермен көгеріс өрнек кестелеген ұзындығы 40 см, ені 23 см өңірше қондырылған, төрт метрден астам (нақтырақ 424 см) жібек мата қолданып тіккен етегіне біз кестемен көгеріс өрнек кестелеген, одан жоғары қызыл жібектен жиек басқан және зер шашақ төккен. Шашақ аралықтарына 25 дана конус тәрізді етіп ағаштан жасап зер жіп оралған сәндік элемент және 33 дана зер жіптен түйілген шашақ кезектесе қадалған. Көйлектің жалпы ұзындығы 135 см, жеңі 67 см, екі иіннің аралығы 56 см, кеудесі 56 см, етегінің шалғайы 424 см. Музей қорына 1968 жылы Шота Уәлихановтан алынған.

Аталмыш көйлек қазақ әйелдерінің дәстүрлі киім мәдениеті мен сырттан енген жаңа сән үлгілерінің тоғысуынан пайда болған өтпелі кезеңнің туындысы. Көйлектің құрылымындағы бөлшектер, яғни, кеуде бөлігін астарлау, қолтырмаш қосу, жең мен жағасының ерекше шешімі практикалық қолдануға ыңғайлы болуымен қатар, эстетикалық, гигиеналық талаптарға да жауап береді. Сонымен қатар, көйлектің ұрпақтан-ұрпаққа берілуі – оның тек сәндік немесе тұрмыстық қана емес, символдық мәнге ие болғанын аңғартады. Осы арқылы киімнің мәдени, әлеуметтік жад пен отбасылық тарихтың бір бөлігіне айналғаны байқалады. Осы қисын тұрғысынан келгенде, Әпиә Уәлиханованың көйлегі қазақ әйелдерінің дәстүрін сақтай отырып, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы мәдени ықпалдастықтар және әлеуметтік өзгерістерді бойына сіңірген бірегей киім.

**Қорытынды.** Мақалада дәстүрлі киім халықтың тарихи-мәдени тәжірибесін, дүниетанымын, әлеуметтік құрылымын бейнелейтін материалдық мәдениеттің маңызды бөлігі, тұрмыстық қажеттілік қана емес, сондай-ақ, мәдени код, әлеуметтік мәртебе және этникалық бірегейлікті білдіретін символдық форма ретінде қарастырылды. Дәстүрлі киім кез келген басқа мәдени феномендер тәрізді статикалық құбылыс емес. Ол тарихи кезеңдерге, қоғамдық құрылым мен өмір сүру жағдайларына байланысты үнемі эволюциялық, трансформациялық үрдістерге ұшырап отырады. Сондықтан мақала авторы қазақ халқының дәстүрлі киімі, соның ішінде әйел киімдерінің өзгеріске ұшырауын бірнеше аспект тұрғысынан қарастырып, трансформация үрдістерінің алғышарттарына талдау жасауға тырысты. Әсіресе, әйел киімінің трансформациясы қоғамдық-әлеуметтік мәртебе, тұрмыс-салт, болмыс ерекшеліктері, сыртқы ықпалдар (отардық кезең, урбандастыру) сынды түрлі факторлар негізінде қалыптасып отырғаны нақтыланды. Бұл үрдістерді талдау арқылы дәстүрлі киімнің эволюциясын тек сыртқы формалық өзгерістер ретінде ғана емес, оның терең әлеуметтік-мәдени мазмұнын, идеялық жүктемесін, символдық мәнін түсінуге мүмкіндік алуға болады. Яғни, қазақ халқының дәстүрлі киімі ұлттың рухани және материалдық мәдениетінің біртұтас көрінісі ретінде, тарихи дамудың түрлі кезеңдерінде қоғамда орын алған әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге байланысты үнемі түрленіп, жаңа мазмұнмен толықтырылып отырған. Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі киімді зерттеу халықтың мәдени кодын тану, этникалық сананың қалыптасу жолдарын зерделеу және қазіргі заманғы дәстүрлі киім үлгілерін жаңғырту үдерісіне ғылыми негіз бола алады.

#### Дереккөздер

ҚР МОМ – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі  
РЭМ – Ресей этнографиялық музейі  
ОМТӨМ – Омбы Мемлекеттік тарихи-өлкетану музейі

#### Әдебиеттер

Абылкасов, Абылкасова, 2022 – *Абылкасов Ф.Ж., Абылкасова А.Б.* Қазақ-татар байланыстары тарихындағы татар әйелдерінің орны // *Ш.Уәлиханов атындағы ҚУ Хабаршысы*. 2022. № 2. 43–55-бб.

Алехина, 2011 – *Алехина Н.В.* Культурная динамика костюма народов Среднего Поволжья: XIX-XX вв.: автореф. дисс. ... канд. ист. наук. Тольятти, 2011. 20 с.

- Аханбайқызы, 2024 – Аханбайқызы А. Аруының бағасын аққумен асырған // Егемен Қазақстан. 2024. № 3. 9 наурыз.
- Әлімбаев, 2017 – Әлімбаев Н. Ресейдегі қазақ этнографиясының құндылықтары: жинақталу географиясы, құрамы, қалыптасу тарихы // *Қазақ тарихы*. 2017. № 8 (155). 6–11-бб.
- Валиханов, 1961 – Валиханов Ч.Ч. Предания и легенды Большой киргиз-кайсацкой орды // Собрание сочинений в пяти томах. Т. 1. Алматы: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1961. 114 с.
- Волобуева, 2008 – Волобуева Т.О. Эволюция городского костюма как отражение модернизационных процессов в российском обществе второй половины XIX – начала XX в.: автореф. дисс. ... канд. ист. наук. М., 2008. 27 с.
- Емельяненко, 2012 – Емельяненко Т.Г. Традиционный костюм бухарских евреев: проблемы этнокультурной идентичности: автореф. дисс. ... док. ист. наук. СПб., 2012. 51 с.
- Жиенбекова, 2012 – Жиенбекова А.А. Национальный костюм как важнейший знак определенной культурно-исторической формации // *Вестник МГУКИ*. 2012. № 1 (45). С. 83–87.
- Захарова, Ходжаева, 1964 – Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда (XIX – начало XX в.). Алматы: Наука, 1964. 177 с.
- Захарова, Патрушева, 1999 – Захарова И.В., Патрушева Г.М. Музейные коллекции по этнографии казахов в Омске // История, археология и этнография Павлодарского Прииртышья: материалы научно-практической конференции. Павлодар, 1999. С. 59–61.
- Исембердиева, 2025 – Исембердиева А. Как в Советском союзе изобрели казахский национальный костюм // *Qalam*. 2025. 06 августа. URL: [https://qalam.global/en/articles/tailor-made-en?utm\\_source=](https://qalam.global/en/articles/tailor-made-en?utm_source=)
- Кукашев, 2002 – Кукашев Р.Ш. К образу лебеда в казахском шаманстве // *Этнографическое обозрение*. 2002. № 6. С. 38–44.
- Курьлев, 1998 – Курьлев В.П. Казахский женский свадебный головной убор: к истории происхождения (по коллекции МАЭ) // Лавровские (Среднеазиатско-Кавказские) чтения, 1996-1997 гг. СПб.: МАЭ РАН, 1998. С. 65–67.
- Қазақтың дәстүрлі, 2009 – Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі (иллюстрацияланған альбом-каталог) (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) / Жауапты редактор және жоба жетекшісі: Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Өнер, 2009. 344 б.
- Қазақтың этнографиялық, 2017 – Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия / Ғылыми редактор және жоба жетекшісі: Нұрсан Әлімбаев. 5 томдық. 1-т.: А-Д. Алматы: Алем Даму Интеграция, 2017. 856 б.
- Қақабаев, 2009 – Қақабаев Б.С. К семантике использования птичьих шкур в отделке казахского костюма // Орталық музей еңбектері: музей ісі, археология, тарих, деректану, антропология және этнология, фольклортану. 2-басылым. Ғылыми редактор: Нұрсан Әлімбаев. Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. 457–463-бб.
- Левшин, 1832 – Левшин А.И. Описание киргиз-казачьи или киргиз-кайсацких орд и степей. Часть третья: Этнографические известия. СПб., 1832. 304 с.
- Лобачева, 2001 – Лобачева Н.П. Особенности костюма народов Среднеазиатско-казахстанского региона // Среднеазиатский этнографический сборник / Отв. ред.: В.И. Бушков. Вып. 4. М., Наука, 2001. С. 69–96.
- Лотман, 1992 – Лотман Ю.М. Память в культурологическом освещении // Избранные статьи. Т.1. Таллин, 1992. 478 с.
- Молдагазинова, 2015 – Молдагазинова Ж.М. Эволюция традиционного костюма казахов в XX в. на территории Восточного Казахстана // *Востоковедные исследования на Алтае*. 2015. № 9. С. 85–90.
- Нечаева, 2020 – Нечаева А.А. Становление memory studies как отдельной области знания: основные вопросы и понятия // *Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского*. Социальные науки. 2020. № 4 (60). С. 121–129.
- Орынбаева, 2020 – Орынбаева Г.У. Хозяйство и быт казахов в первое десятилетие советской власти (по исследованиям 20-х гг. XX в.) // *Отан тарихы*. 2020. № 4 (92). С. 58–69.
- Попова, 2008 – Попова Л.Ф. Факторы инноваций в казахском костюме XIX в. // *Материалы Седьмых Санкт-Петербургских этнографических чтений «Жилище и одежда как феномен этнической культуры»* (г. Санкт-Петербург, 18–20 ноября 2008 г.). СПб., 2008. С. 294–300.
- Попова, 2019 – Попова Л.Ф. Девичья и женская одежда западных казахов в альбоме этнографических рисунков В.Н. Плотникова // *Кунсткамера*. 2019. № 2 (4). С. 120–129.
- Попова, 2022 – Попова Л.Ф. Мех и шкуры в традиционном казахском костюме XIX – первой четверти XX в. // *Мода и дизайн: исторический опыт, новые технологии: Материалы XXV международной научной конференции*. СПб.: ФГБОУВО «СПбГУПТД», 2022. С. 247–252.
- Прищепова, 2000 – Прищепова В.А. Коллекции заговорили. История формирования МАЭ по Средней Азии и Казахстану (1870-1940). СПб.: Наука, 2000. 324 с.
- Смелякова, 2008 – Смелякова А.В. Казахские этнографические коллекции в музейных собраниях Западной Сибири // *Омский научный вестник*. 2008. № 2 (66). С. 181–184.
- Стасевич, 2017 – Стасевич И. Коллекция Лайыкжана Беркимбаева и Хасана Иманбаева в собрании Петербургской Кунсткамеры // *Вестник Актыбинского регионального государственного университета им. К. Жубанова*. 2017. № 3. С. 109–116.
- Стасевич, Попова, 2012 – Стасевич И.В., Попова Л.Ф. Казахский костюм в собраниях РЭМ и МАЭ РАН // *Альманах «Тюркский мир»*. Астана, 2012. Вып. 1. С. 604–627.
- Таженова, 2012 – Таженова А.П. Этнотрадиционные особенности эволюции формирования казахской национальной одежды // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. 2012. № 6. С. 219–227.

XVIII ғасырдағы Ресей академиялық, 2007 – XVIII ғасырдағы Ресей академиялық экспедициясы казак этнографиясы туралы. 50-томдық. 25-том. Астана: Алтын кітап, 2007. 240 б.

Assanova, Stepankaya, Assanova, 2017 – *Assanova S.Zh., Stepankaya T. M., Assanova B.E. et al.* Constructive and colouristic peculiarities of the national costume: the phenomenon of the kazakh material culture // *Man In India*. 2017. № 97 (6). Ph. 37–45.

Assmann, 2012 – *Assmann J.* Cultural memory and early civilization: Writing, remembrance and political imagination. Cambridge: Cambridge University Press, 2012. 319 p.

Erl, Nunning, 2008 – *Erl A., Nunning A. (eds.)* Cultural memory studies: An international and interdisciplinary handbook. Berlin: de Gruyter, 2008. 441 p.

Megill, 1998 – *Megill A.* History, memory, identity // *History of the Human Sciences*. 1998. Vol. 11 (3). Pp. 37–62.

Nora, 1989 – *Nora P.* Between memory and history: Les Lieux de Memoire // *Representations, Special Issue: Memory and Counter-Memory*. 1989. № 26. Pp. 7–24.

Shaygozova, Nehviadovich, 2024 – *Shaygozova Zh., Nehviadovich L.* Clothes as a marker of otherness in traditional Kazakh culture // *Bulletin of the L. Gumilyov ENU Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious studies*. 2024. Vol. 148, № 3. Pp. 135–156.

### Sources

QR MOM – Qazaqstan Respublikasy Memlekettik ortalyq muzei [Central State Museum of the Republic of Kazakhstan]

REM – Resei etnografiyalıq muzei [Russian Museum of Ethnography]

OMTÓM – Omby memlekettik tarihi-ólketanu muzei [Omsk State Museum of History and Local Lore]

### References

Abylkasov, Abylkasova, 2022 – *Abylkasov G.J., Abylkasova A.B.* Qazaq-tatar bailanystary tarihyndagy tatar áielderiniń orny [The role of Tatar women in the history of Kazakh-Tatar relations]. *Ş.Üälihanov atyndaғы QU Habarşysy*. 2022. № 2. Pp. 43–55. [In Kazakh]

Alehina, 2011 – *Alehina N.V.* Kul'turnaia dinamika kostuma narodov Srednego Povolja: XIX-XX vv.: avtoref. diss. ... kand. ist. nauk. Toliyatti, 2011. 20 p. [In Russian]

Assanova, Stepankaya, Assanova, 2017 – *Assanova S.Zh., Stepankaya T. M., Assanova B.E. et al.* Constructive and colouristic peculiarities of the national costume: the phenomenon of the kazakh material culture. *Man In India*. 2017. № 97 (6). Pp. 37–45.

Assmann, 2012 – *Assmann J.* Cultural memory and early civilization: Writing, remembrance and political imagination. Cambridge: Cambridge University Press, 2012. 319 p.

Ahanbaiqyzy, 2024 – *Ahanbaiqyzy A.* Aruynyn bagasyn aqumen asyrgan [He extolled the girl's beauty, comparing her to a swan.] *Egemen Qazaqstan*. 2024. № 3. 9 nauryz. [In Kazakh]

Alimbai, 2017 – *Alimbai N.* Reseidegi qazaq etnografiasynyn qúndylyqtary: jinaqtalu geografiasy, quramy, qalyptasu tarihy [Ethnographic heritage of Kazakhs in Russia: geography of collection, composition, history of formation]. *Qazaq tarihy*. 2017. № 8 (155). Pp. 6–11. [In Kazakh]

Emelianenko, 2012 – *Emelianenko T.G.* Tradisionnyi kostum buharskih evreev: problemy etnokúlturnoi identichnosti: avtoref. diss. ... dok. ist. nauk. SPb., 2012. 51 p. [In Russian]

Erl, Nunning, 2008 – *Erl A., Nunning A. (eds.)* Cultural memory studies: An international and interdisciplinary handbook. Berlin: de Gruyter, 2008. 441 p. [In English]

İsemberdieva, 2025 – *İsemberdieva A.* Kak v Sovetskom soiuze izobreli kazahski nasionálnyi kostum [How the Kazakh national costume was invented in the Soviet Union]. *Qalam*. 2025. 06 avgusta. [https://qalam.global/en/articles/tailor-made-en?utm\\_source=](https://qalam.global/en/articles/tailor-made-en?utm_source=) [in Russian] [In Russian]

Jienbekova, 2012 – *Jienbekova A.A.* Nasional'nyi kostum kak vajneişi znak opredelennoi kulturno-istoricheskoi formasi [National costume as the most important symbol of a particular cultural and historical formation]. *Vestnik MGUKI*. 2012. № 1 (45). Pp. 83–87. [In Russian]

Kukashev, 2002 – *Kukashev R.Ş.* K obrazu lebedä v kazahskom shamanstve [The image of the swan in Kazakh shamanism]. *Etnograficheskoe obozrenie*. 2002. № 6. Pp. 38–44. [In Russian]

Kurylev, 1998 – *Kurylev V.P.* Kazahski jenski svadebnyi golovnoi ubor: k istorii proishojdenia (po koleksii MAE) [Kazakh women's wedding headdress: the history of its origins (from the MAE collection)]. *Lavrovskie (Sredneaziatsko-Kavkazskie) chtenia, 1996-1997 gg.* SPb.: MAE RAN, 1998. Pp. 65–67. [In Russian]

Levshin, 1832 – *Levshin A.I.* Opisanie kirgiz-kazachi ili kirgiz-kaisaskih ord i stepei [Description of the Kyrgyz-Cossack or Kyrgyz-Kaisats hordes and steppes]. *Chast' tretä: Etnograficheskie izvestia*. SPb., 1832. 304 p. [In Russian]

Lobacheva, 2001 – *Lobacheva N.P.* Osobenosti kostüma narodov Sredneaziatsko-kazahstanskogo regiona [Features of the traditional dress of the peoples of the Central Asian-Kazakh region]. *Sredneaziatski etnograficheski sbornik*. *Otv. red.: V.İ. Buşkov*. Vyp. 4. M., Nauka, 2001. Pp. 69–96. [In Russian]

Lotman, 1992 – *Lotman Uy.M.* Pamat' v kulturologicheskom osveshenii [Memory in cultural studies]. *Izbrannye stat'i*. T.1. Tallin, 1992. 478 p. [In Russian]

Megill, 1998 – *Megill A.* History, memory, identity. *History of the Human Sciences*. 1998. Vol. 11 (3). Pp. 37–62.

Moldagazinova, 2015 – *Moldagazinova J.M.* Evoluysia tradisionnogo kostuma kazahov v XX v. na teritorii Vostochnogo Kazahstana [The evolution of traditional Kazakh costume in the 20th century in Eastern Kazakhstan]. *Vostokovednye issledovania na Altae*. 2015. № 9. Pp. 85–90. [In Russian]

- Nechaeva, 2020 – *Nechaeva A.A.* Stanovlenie memory studies kak otdelnyi oblasti znania: osnovnye voprosy i ponatiia [The emergence of memory studies as a separate field of knowledge: key issues and concepts]. *Vestnik Nijegorodskogo universiteta im. N.I. Lobachevskogo. Sotsialnye nauki*. 2020. № 4 (60). Pp. 121–129. [In Russian]
- Nora, 1989 – *Nora P.* Between memory and history: Les Lieux de Memoire. *Representations, Special Issue: Memory and Counter-Memory*. 1989. № 26. Pp.7–24. [In English]
- Orynbaeva, 2020 – *Orynbaeva G.U.* Hoziystvo i byt kazahov v pervoe desiytiletie sovetsoi vlasti (po issledovaniyam 20-h gg. XX v.) [The economy and everyday life of Kazakhs in the first decade of Soviet rule (based on research from the 1920s)]. *Otan tarihy*. 2020. № 4 (92). Pp. 58–69. [In Russian]
- Popova, 2008 – *Popova L.F.* Faktory innovatsii v kazahskom kostyme XIX v. [Factors of innovation in 19th-century Kazakh costume]. *Materialy Sedmykh Sankt-Peterburgskikh etnograficheskikh chteni «Jilise i odejda kak fenomen etnicheskoi kultury»* (Sankt-Peterburg, 18–20 noiabrä 2008 g.). SPb., 2008. Pp. 294–300. [In Russian]
- Popova, 2019 – *Popova L.F.* Devich'ya i jenskaia odejda zapadnykh kazahov v albome etnograficheskikh risunkov V.N. Plotnikova [Girls' and women's clothing of Western Kazakhs in an album of ethnographic drawings by V.N. Plotnikov]. *Kunstkamera*. 2019. № 2 (4). Pp. 120–129. [In Russian]
- Popova, 2022 – *Popova L.F.* Meh i shkury v tadisionnom kazahskom kostyme XIX – pervoi chetverti XX v. [Fur and skins in traditional Kazakh costume of the 19th century – first quarter of the 20th century]. *Moda i dizain: istoricheski opyt, novye tehnologii: Materialy XXV mejdunarodnoi nauchnoi konferentsii*. SPb.: FGBOUVO «SPbGUPTD», 2022. Pp.247–252. [In Russian]
- Prişepova, 2000 – *Prişepova V.A.* Koleksii zagovorili. Istoria formirovaniia MAE po Srednei Azii i Kazahstanu (1870-1940). SPb.: Nauka, 2000. 324 p. [In Russian]
- Qazaqtyn dästurlı, 2009 – *Qazaqtyn dästurlı* kiim-keshegi (iluystriatsionalan al'bom-katalog) (qazaq, orys, agylshyn tilderinde) [Traditional Kazakh clothing]. Jauapty redaktor jäne joba jetekshisi: Nursan Alımbai. Almaty: Oner, 2009. 344 p. [In Kazakh]
- Qazaqtyñ etnografialyq, 2017 – *Qazaqtyñ etnografialyq* kategorialar, ugymdar men ataularynyn dästürlı juiesi. Ensiklopedia [The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and terms. Encyclopaedia]. Gylymi redaktor jane joba jetekshisi: Nursan Alımbai. 5 tomдық. 1-t.: A-D. Almaty: Alem Damu Integratsiya, 2017. 856 p. [In Kazakh]
- Qaqabaev, 2009 – *Qaqabaev B.S.* K semantike ispolzovaniia ptichih shkurok v otdelke kazahskogo kostyma [On the semantics of using bird skins in Kazakh costume decoration]. *Ortalyq muzei enbekteri: muzei ısı, arheologia, tarih, derektanu, antropologia jäne etnologia, folklorianu. 2-basylym*. Gylymi redaktor: Nursan Alımbai. Almaty: Balalar ädebieti, 2009. Pp. 457–463. [In Russian]
- Shaygozova, Nehviadovich, 2024 – *Shaygozova Zh., Nehviadovich L.* Clothes as a marker of otherness in traditional Kazakh culture. *Bulletin of the L. Gumilyov ENU Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious studies*. 2024. Vol. 148, № 3. Pp.135–156. [In English]
- Smeläkova, 2008 – *Smeläkova A.V.* Kazahskie etnograficheskie koleksii v muzeinykh sobraniiah Zapadnoi Sibiri [Kazahskie etnograficheskie koleksii v muzeinykh sobraniiah Zapadnoi Sibiri]. *Omski nauchnyi vestnik*. 2008. № 2 (66). Pp. 181–184. [In Russian]
- Stasevich, 2017 – *Stasevich İ.* Koleksia Laiykjana Berkimbaeva i Hasana İmanbaeva v sobranii Peterburgskoi Kunstkamery [The collection of Laikzhan Berkimbaev and Hasan İmanbaev in the St. Petersburg Kunstkammer collection]. *Vestnik Aktubinskogo regionalnogo gosudarstvennogo universiteta im. K. Jubanova*. 2017. № 3. Pp. 109–116. [in Russian]
- Stasevich, Popova, 2012 – *Stasevich İ.V., Popova L.F.* Kazahski kostum v sobraniiah REM i MAE RAN [Kazakh costume in the collections of the REM and MAE RAS]. Al'manah «Türkski mir». Astana, 2012. Vyp. 1. Pp. 604–627. [In Russian]
- Tajenova, 2012 – *Tajenova A.P.* Etnotradisionnye osobenosti evolüsii formirovaniia kazahskoi nasional'noi odejdy [Ethno-traditional features of the evolution of Kazakh national clothing]. *L.N. Gumilev atyndağy EÜU Habarşysy*. 2012. № 6. Pp. 219–227. [In Russian]
- Valihanov, 1961 – *Valihanov Ch.Ch.* Predania i legendy Bol'shoi kirgiz-kaisaskoi ordy [Traditions and legends of the Great Kyrgyz-Kaysats Horde]. *Sobranie sochineni v piati tomah. T. 1*. Almaty: İzdatelstvo Akademii nauk Kazahskoi SSR, 1961. 114 p. [in Russian]
- Volobueva, 2008 – *Volobueva T.O.* Evolyusia gorodskogo kostuma kak otrajenie modernizatsionnykh prosesov v rosiskom obshestve vtoroi poloviny XIX – nachala XX v. [The evolution of urban costume as a reflection of modernisation processes in Russian society in the second half of the 19th century and early 20th century]: avtoref. diss. ... kand. ist. nauk. M., 2008. 27 p. [in Russian]
- Zaharova, Hojaeva, 1964 – *Zaharova İ.V., Hojaeva R.D.* Kazahskaia nasionalnaia odejda (XIX - nachalo XX v.) [Kazakh national clothing (19th – early 20th century)]. Almaty: Nauka, 1964. 177 p. [in Russian]
- Zaharova, Patruşeva, 1999 – *Zaharova İ.V., Patruşeva G.M.* Muzeinye koleksii po etnografii kazahov v Omske [Museum collections on Kazakh ethnography in Omsk] // *Istoria, arheologia i etnografia Pavlodarskogo Priirtys'h'ia: materialy nauchno-prakticheskoi konferentsii*. Pavlodar, 1999. Pp. 59–61. [In Russian]
- XVIII ğasyrdağy Resei akademialyq, 2007 – *XVIII ğasyrdağy Resei akademialyq* ekspeditsiiasy qazaq etnografiasy turaly [Russian academic expedition of the XVIII century on Kazakh ethnography]. 50-tomдық. 25-tom. Astana: Altyn kitap, 2007. 240 p. [

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT  
 ОТАН ТАРИХЫ. 2025. Т. 28. № 4

<i>Uryustyumova A., Sadvakassova Zh., Omurova Zh.</i> KAZAKHSTAN–KYRGYZSTAN CULTURAL DIPLOMACY (2015–2025): THE ROLE OF TURKSOY AND OTHER CULTURAL PLATFORMS.....	990
<i>Sailaubaeva A.K., Zhumatai S.</i> THE ROLE OF THE AKHMET RIZA MADRASAH IN THE EDUCATIONAL AND ENLIGHTENMENT ACTIVITIES OF THE SEMEY REGION.....	1000
<i>Akshanova A.M., Otepova G.E., Kabidenova Zh.D.</i> NATIONAL PERSONNEL POLICY IN THE PAVLODAR REGION UNDER THE FUNCTIONAL NORM OF KORENIZATSIIA (INDIGENIZATION).....	1009
<i>Kapassova G., Sadvakassova Zh., Kaliyeva K.</i> HISTORICAL FORMATION AND DEVELOPMENT TRENDS OF TOURISM IN THE ALAKOL AND ISSYK-KUL REGIONS: A COMPARATIVE ANALYSIS.....	1020
<i>Dossymova M.K.</i> THE GENERAL SITUATION OF THE OTTOMAN EMPIRE AND RUSSIA IN THE FINAL STAGES OF THE FIRST WORLD WAR.....	1033
<i>Baigabatova N., Abdrakhim M.</i> ADAPTATION CHALLENGES OF ETHNIC REPATRIATES IN POST-SOVIET KAZAKHSTAN: A HISTORICAL-CONTEXTUAL ANALYSIS.....	1050
<i>Dalayeva T., Idrissova A.</i> VISUAL SYMBOLISM OF ECONOMIC HISTORY IN TEXTBOOKS ON THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN (SECOND HALF OF THE 20TH–EARLY 21 CENTURIES).....	1063
<i>Sadvakassova Zh., Kapassova G.</i> KAZAKHSTAN KYRGYZ AND KYRGYZSTAN KAZAKHS: ETHNODEMOGRAPHIC TRANSFORMATION AND MIGRATION IN THE FIRST DECADE OF INDEPENDENCE.....	1080
<i>Zhussip S.A., Nurpeisov Y.K., Maslov Kh.B.</i> ALASH ORDA'S SOVEREIGN FOREIGN POLICY: NEGOTIATIONS WITH THE CZECHOSLOVAK DELEGATION (1918-1920).....	1091
<i>Токашева А.Н., Жуманова А.З.</i> 1944 ЖЫЛҒЫ БҚП(Б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕГІ ТАРИХШЫЛАР КЕҢЕСІ: КЕҢЕС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.....	1107

- Сулейменова А.Т.**  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА  
1925–1933-ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН НАУҚАНДАРДЫ  
ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....1117
- Абсаликов А.А., Бисенова Г.А.**  
ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О КОК ОРДЕ (СИНЕЙ ОРДЕ) И АК ОРДЕ  
(БЕЛОЙ ОРДЕ): ПРОБЛЕМЫ ЛОКАЛИЗАЦИИ И РЕКОНСТРУКЦИИ  
В ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ.....1136
- Молдин Б.А., Мәден А.Т.**  
XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҚТАРЫ МЕН КӨТЕРІЛІСТЕРІ МӘСЕЛЕСІНЕ  
ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....1148
- Бейсенбаева Г.К., Касенова А.Д., Богенбаева А.К.**  
ПОЛЕВЫЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ДЛЯ ШКОЛЬНИКОВ.....1166
- Рахметова Ә., Сарсембаева Г.**  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА  
БАҒЫТТАРЫ (2021–2025 жж.).....1177
- Есназарова З.Б.**  
АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ И СОЦИАЛЬНО-  
ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДОВ  
КАРАКАЛПАКСТАНА. 1873–1926 гг.....1189
- Базарбаев К., Амирбек А., Акдениз Э.**  
XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-  
САЯСИ САНАСЫНДАҒЫ ТҮРКИЯ ФАКТОРЫ.....1205
- Шолахов М.Г., Алтысбес М.А.**  
РЕФОРМЫ ЖАНГИР-ХАНА.....1215
- Мамраймов С.Д.**  
1937 ЖЫЛҒЫ №00447 БҰЙРЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
КЕҢЕСТІК РЕПРЕССИЯЛЫҚ АППАРАТТЫҢ  
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТЕТІКТЕРІ.....1230
- Ескалиев С.А., Айтенов Ж.К.**  
КОММУНИСТІК ПАРТИЯ МЕН КЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТІЛІК:  
ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ  
(ТАРИХИ АСПЕКТ).....1245
- Сағнайқызы С., Сартаев С.А., Нусунбаева С.А.**  
КОРРУПЦИЯ И ПОЛИТИЗАЦИЯ: ОТРАЖЕНИЕ ТРАНСФОРМАЦИИ  
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСКОЙ АССР НА СТРАНИЦАХ  
ГАЗЕТЫ «ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» (КОНЕЦ 1920-х – НАЧАЛО 1930-х ГОДОВ).....1260

- Қуаныш С.О., Айдосынова Г.Ж., Мурзаходжаев Қ.М.**  
АТЫРАУ Өңіріндегі қуғын-сүргін: өлім жазасына  
кесілген дін өкілдері.....1271
- Хайдаров Т.Ф., Бейсембаева А.Р.**  
XIV ғасырдың екінші жартысында жошы ұлысында  
болған індет.....1284
- Түлебаев Д.Ж., Симтиков Ж.К.**  
Қазақ халқының тарихындағы тілдің әлеуметтік рөлі.....1293
- Ашимова У.А., Қалшабаева Б.К.**  
Қазақ әйелдерінің дәстүрлі киіміндегі трансформациялық  
үрдістер: мәдени жад пен ұлттық бірегейлік түйісінде.....1304
- Kabuldinov Z.Y., Mussabalina G., Beisembayeva A.**  
KAZAKH–OIRAT RELATIONS IN THE CONTEXT OF REGIONAL  
TRANSFORMATIONS IN CENTRAL ASIA (15<sup>th</sup> – EARLY 17<sup>th</sup> CENTURIES).....1319
- Ерғабылов А.Е.**  
Жетісу және Іле алабындағы ортағасырлық қалалардың  
зерттелуіндегі кейбір өзекті мәселелер  
(1991-2023 жж. зерттеулер негізінде).....1331



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты  
Алматы қ., Шевченко көш., 28  
Тел/факс: +7 727 261 67 19  
e-mail: kazhistory@bk.ru